

## 2012 жылға жұмыссыздарды кәсіби даярлауды, біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды ұйымдастыру туралы

### *Күшін жойған*

Жаңаөзен қаласының әкімдігінің 2012 жылғы 20 қаңтардағы № 07 қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 01 ақпанда № 11-2-184 тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 04 желтоқсандағы № 574 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 2012.12.04 № 574 қаулысымен.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, «Халықты жұмыспен қамту қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, «Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 316 қаулысына сәйкес Жаңаөзен қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Жаңаөзен қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі 2012 жылға білім беру ұйымдарын іріктеп, жұмыссыздарды кәсіби даярлауды, біліктілігін арттыру және қайта даярлауды ұйымдастырсын.

2. 2012 жылға кәсіптер (мамандықтар) тізбесі мен жұмыссыздарды кәсіби даярлау, біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың шығын мөлшері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. «2011 жылға арналған кәсіптер (мамандықтар) тізбесін, жұмыссыздарды кәсіби даярлау, біліктілігін арттыру және қайта даярлауға шығын мөлшерін бекіту туралы» қала әкімдігінің 2011 жылғы 16 наурыздағы № 109 қаулысы (нормативтік құқықтық кесімдері мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11-2-163 тіркелген, 2011 жылы 30 наурызда № 14 (1505) «Жаңаөзен» газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалысын бақылау қала әкімінің орынбасары Қ. Боранбаеваға жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа еңгізіледі.

*міндетін атқарушы*

Қ а л а ә к і м і н і н  
Қ. Нұрмұханов

К Е Л І С І Л Д І :  
 «Жаңаөзен қалалық жұмыспен қамту  
 және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі»  
 мемлекеттік мекемесінің бастығы  
 Ж . А . Б е к о в а

20 қаңтар 2012 ж.

«Жаңаөзен қалалық қаржылар бөлімі»  
 мемлекеттік мекемесінің бастығы  
 Р . К . Д ж а н т л е у о в а

20 қаңтар 2012 ж.

«Жаңаөзен қалалық экономика және  
 бюджеттік жоспарлау бөлімі»  
 мемлекеттік мекемесінің бастығы  
 Н . Б . Ғ ұ м а р о в а

20 қаңтар 2012 ж.

2012 жылғы 20 қаңтар № 07  
 Жаңаөзен қала әкімдігінің қаулысына  
 қосымша

**2012 жылға арналған кәсіптер (мамандықтар) тізбесі мен жұмыссыздарды кәсіби даярлау біліктілігін арттыру және қайта даярлауға шығын мөлшері**

№	Мамандықтар тізімі	Оқушылардың саны	Соның ішінде	Оқу мерзімі (ай)	Орташа оқу ақысы	Жолдың жалпы құны, (мың теңге)	Тамақтану құны, (мың теңге)	Медициналық (куәландырудың жалпы төлемі)	Барлық шығын (мың теңге)	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
	Ауыл тұрғындары оралмандар рығыыыы									
1.	Жүргізуші В,С категориясы	25	5	2	3	25000	11550	30-00	200-00	385
1.	Ағаш ұстасы	15	2	2	1	15000	1560	30-00	200-00	780
1.	Кұбыр төсеуші машинисті	10	1	-	2	18000	3060	30-00	200-00	102
1.	Автомобиль кранының машинисті	10	1	-	2	18000	3060	30-00	200-00	102

1.	Слесарь-жөндеуші	10	1	-	1	12000	780	30-00	200-00	520
1.	Теміржол жолшы-лары	25	5	5	1	15000	3900	30-00	200-00	130
1.	Электронды есептеу машиналардың операторы	15	-	2	1	11960	-	-	160-00	624
1.	Әлеуметтік жұмысшы	15	2	2	1	17960	1560	30-00	160-00	624
1.	Шаштараз өнері және сәндік косметикасы	15	-	2	1	17960	-	-	160-00	624
1.	Тігін өндірісі және киімдерді моделдеу	15	-	3	1	17960	-	-	160-00	624
1.	Мектепке дейінгі тәрбиешісі	30	3	2	1	14769,66	2340	-	170-00	132
12.	Аударма ісі	15	-	-	1	15000	-	-	170-00	663
		<b>200</b>	<b>17</b>	<b>20</b>		<b>3360690</b>	<b>27810</b>			<b>129</b>

Ескерту: Жол ақысы ауыл тұрғындарына арналған.